

Тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010 жылғы 11 ақпандағы № 45-НҚ және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 15 ақпандағы № 54 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6073 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012 жылғы 19 маусымда № 138-НҚ және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 25 маусымда № 205 НҚ Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2012.06.19 № 138-НҚ және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2012.06.25 № 205 НҚ (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабының 1 және 2-тармақтарын жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған тексеру парағының нысаны бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Бақылау және талап қою департаменті (М. Орынбаев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік жұмысы департаменті (Е. Есіркепов) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін:

1) оны белгіленген тәртіппен ресми жариялады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің ресми сайтында орналастыруды қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

2) оны Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары Е.К. Құдайбергеновке ж ү к т е л с і н .

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігінің төрағасы Н. Алдабергенов

Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды
реттеу агенттігі төрағасының
2010 жылғы 11 ақпандағы
№ 45 - Н Қ және
Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 15 ақпандағы
№ 54 бірлескен бұйрығымен
бекітілген
нысан

Тексеру парағы

Тексеруді тағайындаған орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____

(№, уақыты, құқықтық статистика бойынша органда тіркелгені туралы
м ә л і м е т)

Тексеруді өткізу мерзімі _____

Тексерілетін субъектінің атауы _____

Мекен-жайы _____

Тексерілетін субъект табиғи монополиялар, реттелетін нарықтар,
лицензиялау аясында қызметті жүзеге асырады, энергия өндіруші,
энергиямен жабдықтаушы ұйым болып табылады (керегінің астын сызыңыз).

р/с №	Қазақстан Республикасының Заңдарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларымен белгіленген талаптар
	табиғи монополия субъектісі үшін
1	реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) уәкілетті орган бекіткен тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін ескере отырып, мемлекеттік

	органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларды жалпыға бірдей қызмет көрсетумен қамтамасыз ету
2	тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) жасағаны үшін олардан өз қассалары, сондай-ақ банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдер қабылдауды қамтамасыз ету
3	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтар ескерілген реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан басқа жағдайларда, реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тұтынушыларға тең жағдайлармен, оның ішінде уәкілетті орган бекіткен тәртіппен реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) қол жеткізуді тең жағдайларын ұсыну
4	тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейі бекітілген жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) тарифтің (бағаның, алым ставкасының) шекті деңгейінен аспайтын бірыңғай тарифтер (бағалар, алым ставкалары) деңгейлері бойынша ұсыну
5	Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген тәртіппен шығындары табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифті (бағаны, алым ставкасын) немесе оның шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде ескерілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) сатып алуды жүзеге асыру
6	үш жылда бір рет міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдардың жыл сайынғы міндетті аудит жүргізу, және аудиторлық есеп және жылдық қаржы есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен және мерзімінде жариялануы
7	реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрі бойынша және тұтас алғанда уәкілетті орган бекіткен тәртіппен өзге де қызмет бойынша кірістердің, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтердің бөлек есебін жүргізу
8	тарифтік сметаны орындау, тарифтік сметаны орындау немесе оны ұсынбауы туралы есепті уақытылы ұсыну
9	уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі жұмысы туралы жыл сайын есеп беруді жүргізу
10	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгі шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне, сондай-ақ реттеліп көрсетілетін өзге де қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне және (немесе) жиынтығына тұтынушылармен жеке шарттар жасасу
11	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ынтымақтастықтың үлгі шарттарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару органымен оларға реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түріне ынтымақтастық шарттарын жасасу
12	тұтынушылармен жасалған шарттарға сәйкес реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) есептеу аспаптарын сатып алу және оларды тұтынушыларға орнату
13	есептеу аспабы істен шыққан жағдайда, есептеу аспаптарының орташа айлық көрсеткіштері бойынша реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ақы өндіріп алу
14	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен негізгі құралдарға қайта бағалау жүргізуді уәкілетті органмен келісу
15	тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) төмендету туралы оларды қолданысқа енгізгенге дейін он күннен кешіктірмей уәкілетті орган мен тұтынушыларды хабардар ету
16	Қазақстан Республикасының салық заңдары тиісінше өзгертіліп, соның нәтижесінде табиғи монополия субъектісі шығындарының құны азайған жағдайда, барлық тұтынушылар үшін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) немесе олардың

	шекті деңгейлерін аталған өзгерістер қолданысқа енгізілген күннен бастап уәкілетті орган бекіткен тәртіппен төмендету
17	мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, өндіріске және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынуға арналған мүлікті тендер нысанындағы сауда-саттықта иеліктен айыру
18	уәкілетті орган белгілеген тәртіппен табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алу әдістемесін әзірлеу және келісу
19	табиғи монополиялар субъектілерінің белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларын (жобаларын) орындау
20	уәкілетті орган бекіткен реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін тікелей пайдаланатын шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының техникалық және технологиялық нормаларын бес проценттен астам көтеру бойынша талаптарды сақтау
21	нормативтен тыс ысыраптар болған жағдайда оларды жою жөнінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу және іске асыру
22	нормативтік техникалық ысыраптардың деңгейін уәкілетті орган белгілеген шамаға және мерзімге төмендету
23	уәкілетті органмен келісіп алынған негізінде рұқсат етілген өзге қызметтер түрлерін көрсету
24	табиғи монополия субъектісінің өндіріспен және реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсынумен, сондай-ақ осы Заңға сәйкес табиғи монополия субъектісі үшін рұқсат етілген қызметті жүзеге асырумен байланысы жоқ мүлікке меншік және (немесе) шаруашылық жүргізу құқығының болмауы бойынша талапты сақтау
25	мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларынан, арнайы қаржы компанияларынан, сондай-ақ табиғи монополия субъектісі үшін Заңда рұқсат етілген қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан басқа, коммерциялық ұйымдардың акциялары (үлестері) болмауы немесе олардың қызметіне қатысуының өзге нысандары болмауы бойынша талапты сақтау
26	уәкілетті орган белгілеген мөлшерден асатын реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) үшін ақы алмау бойынша талапты сақтау
27	Заңда көзделмеген қосымша ақы алу бойынша немесе өзінің мазмұны бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің мәніне қатысы жоқ (қаржылық қаражаттарды және өзге де мүлікті, мүліктік құқықтарды және басқаны беру) талапты сақтау
28	пайдаланылатын стратегиялық тауарларға арналған шығыстар ұлғайтылатын, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды қоспағанда, уәкілетті орган бекіткен тарифтік сметаның баптарында көзделген қаражатты бес проценттен астам көтермеу бойынша талапты сақтау
29	табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) қол жеткізу шарттарын күштеп таңуға немесе тұтынушыларды кемсітуге әкеп соғатын өзге де іс-әрекеттер жасауға жол бермеу бойынша талапты сақтау
30	реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) өндірген және (немесе) ұсынған кезде технологиялық циклда пайдаланылатын жеке меншік құқығымен немесе заңды негізде өзгеше тиесілі мүлікті сенімгерлік басқаруға, лизингті қоса алғанда, мүліктік жалдауға (жалға беруге) беруге тыйым салуды сақтау
31	арнайы қаржы компаниясының секьюритизендіру туралы мәмілелері бойынша талап ету құқықтарын басқаға беруді қоспағанда, ұсынылатын реттелетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты талап ету құқығына жол беруге тыйым салуды сақтау
32	реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемін жосықсыз тұтынушылардың төлемеуіне байланысты адал тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынудан бас тартуға жол бермеу бойынша талапты сақтау

33	реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) байланысты емес шығындарды олардың тарифтеріне (бағаларға, алымдар ставкаларына) немесе олардың шекті деңгейін енгізбеу бойынша талапты сақтау
34	белгіленген тәртіппен бекітілген инвестициялық бағдарламаларда (жобаларда) көзделген қаражатты мақсатсыз пайдалану бойынша талапты сақтау
35	мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде белгілеген, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) ақы талап етуге тыйым салуды сақтау
36	тарифтік сметада камтылатын; реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу мен орнату шығындары және ақы алу тетігі, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтердің есептеу аспаптарын сатып алу және орнату туралы; ұсынылатын реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер (тауарлар, жұмыстар) туралы ақпаратты коммерциялық құпия деп тануға тыйым салуды сақтау
37	реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) ұсынуға шарттар жасасу кезінде тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеу бойынша талапты сақтау
38	Заңда белгіленген жағдайларда табиғи монополиялар субъектілері тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) және тарифтік сметаларды жалпы тәртіппен қайта қарау үшін алты айдан кешіктірмей өтінімді уәкілетті органға ұсыну
39	Заңның 18-бабында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыруға келісім беру туралы өтінішті уәкілетті органға уақытында ұсыну
реттелетін нарық субъектісі үшін	
40	алдағы уақытта тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) бағалардың өсетіні және өсу себебін растайтын (реттелетін нарықтарда үстем немесе монополиялы жағдайға ие емес бөлшек сауда нарығы субъектілерін қоспағанда) негіздемелік материалдарды табыс ете отырып, өсу себептері туралы кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын жазбаша түрде уәкілетті органды хабардар ету
41	Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті орган белгілеген қолданыстағы немесе жобаланған баға деңгейіне дейін төмендету
42	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген баға белгілеу тәртібін сақтау
43	Заң көзделген талаптарын бұза отырып, белгіленген бағаны негізсіз көтеру нәтижесінде алған табысты тұтынушыларға қайтару
44	бағаларды мемлекеттік реттеу енгізілген немесе өнімдердің, тауарлардың және көрсетілетін қызметтердің номенклатураға енгізілген күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, баға деңгейін растайтын негіздемелік материалдарды қоса бере отырып, босату бағалары туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсыну
45	өндіру (өткізу) көлемдері, табыстылық деңгейі және өндірілетін (өткізілетін) тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) босату бағалары туралы өнімнің монополиялық түрлері бойынша ай сайынғы ақпаратты уәкілетті органға ұсыну
46	Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес тоқсан сайынғы қаржылық есептілікті уәкілетті органға ұсыну
лицензиат үшін	
47	Тиісті лицензия негізінде лицензиялауға жататын кәсіпкерлік немесе өзге қызметпен айналысу, сондай-ақ іс-әрекеттерді жүзеге асыру
48	Заңнамада белгіленген лицензиялық ережелер мен нормаларды сақтау, соның ішінде лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын сақтау
49	лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі аяқталғаннан кейін әкімшілік жауапкершілікке әкеп соққан лицензиялық ережелер мен нормалардың бұзылуын жою

50	лицензияланатын қызмет бойынша жыл сайынғы есепті лицензиярға ұсыну
энергиямен жабдықтаушы ұйым үшін	
51	тұтынушыларға электр энергиясын тәулік зоналары бойынша және (немесе) тұтынатын энергияның көлеміне (жеке тұлғалар үшін) қарай сараланған тарифтер бойынша өткізуден (сатудан) бас тартуға жол бермеу бойынша талапты сақтау
52	теңгерімдеуші нарықтағы сатып алу-сату жағдайларын қоспағанда, электр энергиясын басқа энергиямен жабдықтаушы ұйымға өткізуге (сатуға) тыйым салуды сақтау
энергия өндіруші ұйым үшін	
53	электр энергиясын, спот-сауда-саттықта (олар өндіретін электр энергиясының көлемінің он процентінен аспайтын), теңгерімдеуші нарықты және экспортқа өткізілетін жағдайларды қоспағанда, тиісінше шекті, есептік немесе жеке тарифтен аспайтын тарифтер бойынша өткізуді жүзеге асыру бойынша міндетін орындау
54	заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісім жасасуға, онда көзделген инвестициялық міндеттемелерді орындауға және олардың орындалуы туралы есепті жыл сайын уәкілетті органға табыс ету бойынша міндетін орындау
55	инвестициялық шарт жасасқан жағдайда инвестициялық бағдарламаны орындауға және оның орындалуы туралы есепті уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға жыл сайын табыс ету бойынша міндетін орындау
56	электр энергиясын тиісінше шекті, есептік немесе жеке тарифтен асырып өткізген жағдайда, энергия өндіруші ұйым, электр энергиясын спот-сауда-саттықта (олар өндіретін электр энергиясы көлемінің он процентінен аспайтын), теңгерімдеуші нарықта және экспортқа өткізу нәтижесінде алынған сомаларды қоспағанда, көтерме және (немесе) бөлшек сауда субъектілеріне асып кеткен соманы қайтару міндетін орындау
57	энергия өндіруші ұйым табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган енгізген инвестициялық бағдарламаны орындау туралы нұсқаманы белгіленген мерзімде орындамаған жағдайда, көтерме және (немесе) бөлшек сауда нарығының субъектілеріне инвестициялық бағдарламаны орындау үшін көзделген және оны іске асыру мақсатында пайдаланылмаған алынған қаражатты қайтару міндетін орындау
58	инвестициялық бағдарлама оны іске асыру басталғанға дейін уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға және көрсетілген мемлекеттік органдармен инвестициялық шартты белгілеген тәртіппен инвестициялық бағдарламалардың негізінде жасауға ұсыну бойынша міндетін орындау
59	есептік тарифті инвестициялық шартты жасасқан кезден бастап қолдану
60	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және бекітілген инвестициялық бағдарламаның техникалық-экономикалық негіздемесінде айқындалған электр энергиясының бағасынан аспайтын есептік тарифті қолдану бойынша талапты сақтау

Ескерту: «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы»
Қазақстан Республикасы Заңы – Заң
Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға:

(лауазымы)

(қолы)

(А.Ә.Т)

Тексерілетін субъектінің өкілі:

(лауазымы)

(қолы)

(А.Ә.Т)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК